

**Құрманбаева Ақмарал Жұмаділлақызының «6D021300 – Лингвистика»  
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу  
үшін «Сұлулық индустриясы терминжүйесінің қалыптасуы» атты  
диссертациясына ғылыми жетекшінің**

**ПІКІРІ**

Ғылымның қазіргі қоғамдағы орны айқындалған сайын тіл білімінде терминологияны зерттеу мәселесі өзекті болмақ. Терминдер – ақпарат көзі ғана емес лексиканың сыртқы ықпалға бейім бөлігі. Терминологиядан қоғамның әлеуметтік дамуы мен ғылыми-техникалық даму үдерістерін көруге болады. Қазіргі таңда кез келген тілдің терминологиясы ғылым мен қоғамдағы үдемелі өзгерістерді айқындайтын сөздік қордың ең бір белсенді дамушы бөлігін құрайды. Ал терминологияның семантикалық құрамы мен құрылымын, ондағы жүзеге асып жатқан өзгерістерді зерттемей, жалпы тіл дамуының заңдылықтарын дұрыс сипаттау мүмкін емес.

Қазіргі таңда сұлулық индустриясының қарқындап дамуы салдарынан сұлулық терминологиясы өзіне айрықша назар аудартады. Терминология саналы түрде реттеп, талдауға түскен жағдайда терминжүйеге айналатыны белгілі. Сұлулық терминологиясының жүйелілігі оның тарамдалғандығынан, ұғымдар жүйесінен, көп терминдерінің сөздіктерде көрініс табуынан, әрбір терминнің арнайы мағынасы болуымен сипатталады. Аталмыш зерттеуде қарастырылып отырған сұлулық терминологиясы қазақ тілі материалы бойынша сұлулық терминдерінің қазіргі жай-күйін бейнелейтін реттелген термин жүйесін құрайды. «Сұлулық» ұғымы адамның жасына, жынысына, кәсібіне, ұлтына, әлеуметіне қарамастан, әрбір тұлғаның өмірінде нақты орын алады. Яғни, кез келген адам «сұлулық» ұғымына қатысты коммуникацияның мүшесі болуы әбден мүмкін. Сондықтан да, бұл терминологиялық жүйе терминдерінің тілдік табиғатына, оларға қойылатын нақты талаптарға жете мән беріп зерттеу қажеттілігі туындады.

Құрманбаева Ақмарал Жұмаділлақызының «Сұлулық индустриясы терминжүйесінің қалыптасуы» атты ғылыми-зерттеу жұмысында сұлулық индустриясының терминологиялық жүйесі қазақ тілі материалында лингвистикалық аспектіде алғаш рет кешенді түрде зерттеліп, оның тілдік табиғаты ашылып, негізгі терминологиялық бірліктері мен қоры анықталды, терминжасам жолдары белгіленіп, түрлері мен үлгілері айқындалды, даму, қалыптасу заңдылықтары дәлелденді. Терминологиялық жүйенің тілді байытудағы атқаратын зор қызметі көрсетіліп, оның тілдік негізі көрсетілді.

Жалпы А.Ж. Құрманбаеваның ғылыми жұмысының нәтижелері салмақты көзқарастар мен тұжырымдарға ие. Жұмыста қолданыс тапқан ғылыми әдебиеттер мен дереккөздерінің сан алуандығы мен орынды пайдаланулары байқалады. Кіріспе бөліміндегі жұмыстың мақсаты мен міндеттері және тұжырымдары негізгі бөліммен байланысқан. Яғни, алға қойылған міндеттері орындалып, өз мақсатына жете білді деп есептеймін. Сондай-ақ, ізденушінің өзіндік ой-пікірлері мен көзқарастары айшықты орын тапқан. Диссертацияны

жазу барысында жариялаған мақалалары жұмыстың ішкі тараушаларында кең қарастырылды. Докторант өз бетімен зерттеу жұмысын толық игеріп, қызығушылықпен зерттеу жүргізді. Зерттеу тақырыбы күрделі болғанымен де А.Ж. Құрманбаева бұл мәселені толығымен орындап шықты.

Сонымен сұлулық индустриясына қатысты атаулардың басым көпшілігі термин, терминологиялық жүйе мүшелері болып табылатыны сөзсіз. Олар саналы түрде жасалып, біріздендіріліп, ресми құжаттарда, ресми тізімдерде, буклеттерде, прејскурант тізімдерінде, журналдарда, каталогтарда тіркеледі. Қазақ терминологиясы, оның ішінде калың бұқараға кеңінен танылып келе жатқан сұлулық индустриясының терминологиялық жүйесі де мүмкіндігінше ұлттық негізде құрылуы тиіс. Жаһандану үрдісінде рухани-мәдени өміріміздің ерекшеліктері ретінде танылатын терминдердің, атап айтқанда, сұлулық индустриясына қатысты терминологиялық бірліктердің табиғатын білудің маңызы ерекше деп санаймыз. А.Ж. Құрманбаеваның зерттеу нысанына алған тақырыбы тіл білімінің түрлі салаларымен пәнаралық байланыста қарастырылған, бұл өз кезегінде тіл біліміндегі жаңа бағыттардың, жаңа зерттеулердің тууына ықпал етеді, яғни жұмыстың келешегі бар екендігін байқатады.

Докторант жұмысында отандық ғалымдармен қатар, ресейлік және де шетелдік зерттеушілердің еңбектерін пайдалана отырып, өз зерттеу жұмысын дәйектей алған. Зерттеу жұмысының бөлімдері арасындағы логикалық байланыс сақталған. А.Ж. Құрманбаеваның тілі жатық, стильдік, орфографиялық қателер кездеспейді, ғылыми стилі қалыптасқан. Сұлулық терминдерінің толығып отыратынын ескере отырып, материалдар санын әлі де көбейтіп, терминдер сөзтізбесін құрастыру жұмыстың құндылығын арттырады сөзсіз.

Докторант А.Ж. Құрманбаеваның ғылыми докторлық диссертациясы сұлулық индустриясы саласындағы терминдердің қалыптасуы карапайым халық санасы негізінде зерттеуде тың және алғашқы кешенді зерттеуге жататындықтан, өзектілігінің мәні зор деп есептейміз. Сондықтан да осыларды ескере келе, ізденуші А.Ж. Құрманбаеваның «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысын толық аяқталған дербес зерттеу жұмысы деп бағалап, қорғауға ұсынуға болады деп есептейміз.

**Отандық ғылыми жетекші  
филология ғылымдарының кандидаты**

**М.К. Мәмбетова**

РАСТАУЫН  
өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми  
дәрілеу және аттестаттау басқармасы  
ЗАВЕРЯЮ  
Начальник управления подготовки и  
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби  
Р.Е. Кудайбергенова

